

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№314**

**2018 жылғы 15 тамыз**

**Облыстық мәслихаттың кезекті  
жиырма екінші сессиясы жалпы  
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті жиырма екінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың есебі туралы.

2. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №217 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы*

3. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін келісу туралы.

4. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 17 тамыздағы №51 «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға, жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 шілдедегі № 143 «Ақтөбе облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидасы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 350 «Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының бағалау аймақтарының шекараларын

және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы.

8. Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір бірлескен қаулыларына және мәслихаттың шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

9. Ақтөбе қаласының бірқатар коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру бойынша ұсыныстар енгізу туралы.

10. «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы» облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 08 желтоқсандағы №233 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Қ.М.Әлімов туралы.

12. «Облыс әкімдігі жанындағы оралмандар мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 7 желтоқсандағы №82 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

13. «Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 3 маусымдағы №29 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

14. «Ақтөбе облысының терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 14 тамыздағы №154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

15. «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиясының құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 6 қазандағы №327 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

16. №10 Абай сайлау округінен депутат А.А.Айтжановтың депутаттық сауалы туралы.

17. №8 Пацаев сайлау округінен депутат Д.А.Довматенконың депутаттық сауалы туралы.

18. №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы туралы.

19. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Ғ. ЛАТЫПОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**